ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 27 желтоқсан №4712-24-00-2/4804 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің №56 «Жұлдыз» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Назира», басшысы Айнакулова Назира Нуржакиповна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Назира», басшысы Айнакулова Назира Нуржакиповна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Назира», басшысы Айнакулова Назира Нуржакиповнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер

талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 27 желтоқсанда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 27.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Метеркулова Г. О., 31.01.2025

4712-24-3-1/4420